адрес: ЮКО,Ордабасинский район,с.Темирлан,
ул.Кажымухана №47.
эл.почша:send_quickly@mail.ru
тел:8-700-640-70-70

исх№017
дата:09.04.2018г.

Қазақстан Республикасы
қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Оңтүстік Қазақстан облысы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаметінің басшысы
Б.Көшербайға

ЖАЗЫЛҒАН АРЫЗҒА ҚАРСЫ ПІКІР

Арыз беруші: *"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі*
БИН: 040340001253

Арызға қарсы пікір келтіруші:*"Карат-Z"ЖШС-гі*
БИН:020940003169

Мемлекеттік сатып алулар аясында.

Құрметті Батырбек Көшербай, біз,"Карат-Z"ЖШС-гінің арызға қарсы пікір келтіруі *ОҚО, Бәйдібек ауданы, Ағыбет елді мекеніндегі ауыз су жүйелеріне күрделі жөндеу* жұмыстарын сатып алу мақсатында өткен, **№ 2422101-1** ашық конкурс аясында.

Атап айтқанда, аталған конкурстың қорытындылар туралы хаттамасына сай **"Карат-Z"ЖШС-гі** өтінім білдірген әлеуетті өнім берушілер арасында ең төмен баға ұсынып,аталған ашық конкурста жеңімпаз болып танылды.Алайда аталған конкурсқа **"Карат-Z"ЖШС**-гінен неғұрлым жоғары баға ұсынған **"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі** 04.04.2018 жылы аталған конкурсты ұйымдастырушылардың үстінен орынсыз арызданған болатын.Арызданушы тұлға арызының мәтінінде жұмыс тәжірбиесінің дұрыс

есептелінбегендігін,ұйымдастырушы есептеген жұмыс тәжірбиесінен жоғары екендігін көрсеткен.Алайда ***Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының*** конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 9-тармағына сәйкес: *Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің* ***функционалдық мақсаты*** *мен* ***салалық тиесілілігіне*** *(құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.* **"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі** ұсынған біліктілік туралы мәліметінің жұмыс тәжірбиесі тізбесінде:Газбен жабдықтау,газ құбырларын кіргізу секілді жұмыстар көп.Аталған жұмыстардың ***функционалдық мақсаты*** конкурстың нысанымен салыстыруға келмейді.Және де **"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі** ғимараттардың күрделі жөндеу жұмыстарымен қоса ғимараттардың ішкі су жүргізу жұмыстарын және белгілі бір ғимараттқа ғана жүргізілетін су құбырлары жұмыстарын жұмыс тәжірбиесі ретінде орынсыз ұсынған.Ғимараттардың ішіне су жүргізуі және бір ғана ғимаратқа су құбырын тартуы аталған конкурстың нысанына ***функционалдық мақсаты*** *мен* ***салалық тиесілілігі*** мүлдем ұқсас емес.

Тағы бір айта кететіні **"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі** жұмыс тәжірбиесінің растаушы құжаттарын толық ұсынбаған. Атап айтқанда ***Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының*** конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сәйкес: Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және **күрделі жөндеу** болып табылған жағдайда *орындалған жұмыстарды қабылдау* **және** *объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің* электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады-деп ашық көрсетілген.Яғни жұмыс тәжірбиесінің есептелінуі үшін *орындалған жұмыстарды қабылдау актісі(форма-2)* **және** *объектіні пайдалануға қабылдау актісі* бірге ұсынылуы қажет.Алайда **"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі** *орындалған жұмыстарды қабылдау актісі(форма-2)*-растаушы құжаттарын мемлекеттік сатып алулар веб порталында ұсынбаған.Тек қана 2017 жылғы орындаған аталған конкурстың нысанына ұқсас жұмыс түрі бойынша ғана *орындалған жұмыстарды қабылдау актісі(форма-2)*-растаушы құжаттарын ұсынған.Растаушы құжаттарының толық болмауына байланысты **"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі** жұмыс тәжірбиесі 1-балл болуы тиіс деген пікірдеміз.Себебі Мемлекеттік сатып алулар заңы әлеуетті өнім берушінің ұсынбаған құжаттарын толықтыру мақсатында заңды немесе жеке тұлғалардан сұрау салуға рұқсат етпейді және аталған әрекетке әкімшілік жаза

қолданылатыны баршамызға белгілі.Және де ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарын тек қана мемлекеттік сатып алулар веб-порталында ұсынған құжаттары аясында ғана анықтайтындығы да белгілі.Яғни арызданушы өзінің растаушы құжаттарын дұрыс,толық ұсынбағандығына қарамастан, арызданып аталған конкурс бойынша жұмысты орындаудың кешігуіне басты себепкер болып отыр деген пікірдеміз.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсеткен заңды және негізді болып табылатын уәждерімізді ескере отыра **"Жылу энерго ремонт"ЖШС-гі** жұмыс тәжірбиесі ретінде толық емес ұсынған құжаттарына және ҚР заңнамасына сай 1-балл екендігін камералдық бақылау жүргізу арқылы анықтап,бірақ арызданушының жұмыс тәжірбиесінің азаюы қорытындылар туралы хаттамаға ешбір әсерін тигізбейтіндеген,яғни жеңімпаздың өзгермейтіндігін ескеріп, 2018-04-03 шыққан қорытындылар туралы хаттамасын күшінде қалдыруыңызды сұранамын.

Аталған заңды уәждеріміз орындалмаған жағдайда жоғары тұрған құзыретті органдарға және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының дұрыс орындалуына кепіл тұлғаларға арызданатынымды ескертемін.

Және де қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес **"Карат-Z"ЖШС**-гі ең төмен баға берген әлеуетті өнім беруші.Ал Мемлекеттік сатып алу заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алудың негізгі қағидаты болып, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау болып табылады.

"Карат-Z"ЖШС-гі
директоры Нұпбаева Ж.Д